



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік ел, 8
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

Д. Серікбаев атындағы
Шығыс Қазақстан
техникалық университеті

2024 жылғы 03 мамырдағы
15-22-12/666 және

2024 жылғы 19 маусымдағы
№ 15-22-12/1009 хаттарға

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (бұдан әрі – Университет) жанындағы «8D071 Инженерия және инженерлік іс» дайындық бағытындағы «8D07102 Машина жасау» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңес ашу туралы хатыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Комитет Университеттің құжаттарына Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің¹ талаптарының сәйкестігіне сараптама жүргізді.

Осыған орай, Университеттің құжаттары Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің талаптарына толық сәйкес келуіне байланысты «8D071 Инженерия және инженерлік іс» дайындық бағытындағы «8D07102 Машина жасау» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңес Комитет төрағасының 2024 жылғы 28 маусымдағы № 557 бұйрығымен ашу ұсынылды.

Сондай-ақ, Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің 3-тармағына сәйкес жоғарыда көрсетілген диссертациялық кеңестің мерзімі 3 жылға құрылып, яғни 2027 жылғы 27 маусымға дейін ашылғанын мәлімдейміз.

Сонымен қатар, Ерекше мәртебесі жоқ оқу орындарының диссертациялық кеңестер тізімі Комитет сайтының пайдалы сілтемелер бөлімінде орналастырылған.

Төрағаның орынбасары

Ғ. Есенбаев

¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы

Орын. Сатаева Ж. К.
Тел.: 74-22-41